

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА» МОН РК



AUEZOV
UNIVERSITY
1943



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

- 📍 160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
- ☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
- ✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
- 📘 @official.ukgu.kz
- 📷 @auezov_university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМЕ»
Ректор
тар.ғ.д. академик Қожамжарова Д.П.
« 25 » 20 11 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07170 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы

Тіркеу номері	6B07100231
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B071 – Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламаларының тобы	6B060 – Химиялық инженерия және процестер
Білім беру бағдарламасының түрі	қолданыстағы
БХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ
Типтік оқу мерзімі	4 жыл
Оқу нысаны	Күндізгі
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	
Серіктес - ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес - ЖОО (ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктес (ҚББ)	-

Шымкент, 2021 ж.

БББ серіктес ЖОО – Ресей мемлекеттік университеті – Познаньдағы Адам Мицкевич университетінің қатысуымен дайындалды.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	ҚОЛЫ
Дауренбек Н.М.	МӨЖМХ кафедрасының меңгерушісі м.а., т.ғ.к., доцент	
Мамытова Г.Ж.	«Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасының аға оқытушысы	
Артыкова Ж.К.	«Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр	
Сарсенбаева А.У.	«Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр	
Жәдігер А.	Группа ХТ-18-6к	
Туганова Л.А.	Группа ХТ-19-6к	
Ерегенов Б. Т.	«ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры	
Оспанов И.Н.	«Нефтехимстрой-Юг» ЖШС директорының орынбасары	
Кубелекова У.Д.	«Hill Corporation» ЖШС сапа жөніндегі директоры	
Масалова В.П.	«Эко-Шина» ЖШС директорының орынбасары	
Мамутбеков М.С.	«Завод «Триумф М.М.С.» ЖШС директоры	

Білім беру бағдарламасы «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің инновациялық технологиялар бойынша оқыту және әдістемелік қамтамасыз ету комитетінде қаралды, «22» 01 2021 жылғы № 7 хаттама.

Комитет төрайымы _____

ҚОЛЫ

М. Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды, «23» 01 2021 жылғы № 5 хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді, «25» 01 2021 жылғы № 12 хаттама.

БББ серіктес ЖОО – Ресей мемлекеттік университеті – Познаньдағы Адам Мицкевский университетінің қатысуымен дайындалды.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
2.	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері	9
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттіліктері	10
4.	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	12
5.	Пәндер туралы мәліметтер	13
	Келісім парағы	29
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	30
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	31

Кіріспе

1. Қолданылу аумағы

ҚР БЖҒМ «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы 6B07170 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар даярлауды жүзеге асыруға арналған.

2. Нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018ж мерзімдегі өзгерістері және толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 30 қазанындағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында № 17657 тіркелген) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметтерінің Типтік ережелері;

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы № 604 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2011 жылдың 20 сәуіріндегі № 152 бұйрығымен бекітілген, 2018 жылдың 12 қазанындағы № 563 бұйрығымен енгізілген өзгерістері және толықтырулары бар оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелері;

Мұнай-газ саласының әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік серіктестік жөніндегі Салалық комиссияның 2017 жылдың 30 наурызындағы № 1-2017 хаттамасымен бекітілген «Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнайхимиясы салалары» біліктіліктің Салалық шеңбері;

Тау-металлургия, химия, құрылыс индустриясы және ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіп және машина-жасауға арналған әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік серіктестік жөніндегі Салалық комиссия мәжілісінің 2016 жылдың 16 тамызындағы № 1 хаттамасымен бекітілген «Химиялық өндіріс» біліктіліктің Салалық шеңбері.

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясына сәйкес келеді және озық білімге, кәсіпкерлік дағдыларға ие, үш тілді еркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлауға қабілетті, кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан қарайтын, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын қолдайтын еліміздің зияткерлік элитасын даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы өмір бойы білім алу үшін ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен, Дублин дескрипторларымен, жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area), сондай-ақ Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлесімділік тапқан.

Білім беру бағдарламасы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысқан кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

6B07170 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасының (БББ) бірегейлігі мұнай өңдеу және мұнайхимиясы өнеркәсібі үшін базалық болып табылады, жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша элективті курстар түзу арқылы еңбеку нарығына бағытталған. 6B07170 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» БББ 2014 жылы ASIIN Халықаралық агенттігінде халықаралық аккредиттеуден өтті және түлектерге Eurobachelor® еуропалық лейблдер тіркеу құқына ие.

Білім беру бағдарламасы Болон процесі принциптерін, студенттерді орталықтандыра оқыту, қол жетімділік пен инклюзивтілікті қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді мақсат етеді.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесі оқу іс-шараларын жүзеге асыру арқылы қол жеткізеді:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар
- оқытудың инновациялық технологияларын, ғылым, технологиялар мен ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктерін пайдалану арқылы өткізіледі. Зертханалық сабақтар университеттің аккредиттелген зертханаларында жүргізіледі: «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейінді аймақтық зертханасы және «Сапа» талдаудың физика-химиялық әдістері зертханасы, «Экошина» ЖШС, «HillCorporation» ЖШС оқу-ғылыми-өндірістік кешендері іргесінде және т.б.

- аудиториядан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен, жеке кеңес беру сабақтары;

- кәсіптік практикаларды жүргізу, кәсіпорын тапсырысы бойынша курстық және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдауға, білім алушыға қатысты төзімсіздік пен кемсітудің (мұқатудың) кез келген түрінен қорғау жөнінде шаралар қабылданған.

БББ сапасы оны құрастыруға және бағалауға, жүйелі т.рде мониторинг жасауға және оның мазмұнына шолу жүргізуге стейкхолдерлерді жұмылдыру арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018 жылғы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес белгіленген.

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты және міндеттері

БББ мақсаты: Өндірістік проблемаларды шешу, химиялық инженерия саласында жобалық және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу қабілетіне ие бәсекеге қабілетті бакалаврлар даярлау.

БББ міндеттері:

- білім алушыларды заманауи технологиялар және эксперименталды-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қолданып мұнай, газ және көмірді өңдеу технологиясы саласында инженерлік проблемаларды көру, талдау және шешу жолдарын табуға мүмкіндік беретін білімдермен, дағдылармен және құзыреттіліктермен қамтамасыз ету;

- қоғамда рухани және қоғамдық сананы, әлеуметтік-жауапкершілік мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіптік этикалық нормалардың маңыздылығын ұғыну және осы нормаларды ұстану;

- қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар меңгеру негізінде тілдік құзыреттілікке ие, халықаралық білім беру кеңістігінде және еңбек нарығында ұтқыр, мәдени-аралық тілдесуге қабілетті көп тілді жоғары білікті, бәсекеге қабілетті маманды даярлау;

- кәсіпкерлік қызметке арналған ептіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қажетті жағдайды қамтамасыз ету.

1.2 Біліктіліктер мен қызметтер тізімі

Осы БББ бойынша түлекке «техника және технологиялар бакалавры» дәрежесі тіркеледі.

6В07170 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» БББ бойынша бакалаврлар мынадай қызметтерді иеленуі мүмкін: «Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнайхимиясы салалары», «Химиялық өндіріс» біліктіліктің Салалық шеңберлеріне сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қоймай-ақ (өндіріс, бөлімше, цех) бастығы; қондырғы бастығы; ауысым бастығы (қызмет түрлеріне қарай); парк бастығы (тауарлық-шикізат, резервуар, сығылған көмірсутекті газдар); эстакада бастығы (күю, реагентті шаруашылық); газ-алаулы шаруашылық бастығы; зертхана бастығы; менеджер; цех бастығының орынбасары, сапаны бақылайтын инженер; инженер-технолог; инженер (қызмет түрлері бойынша); инженер-химик.

1.3 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы

1.3.1 Кәсіби қызмет саласы

Кәсіби қызмет саласы органикалық заттар өндіретін, мұнай, газ, көмір, полимерлер, эластомерлер және лак-бояу материалдарын өңдейтін кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу және жобалық салалық институттар, колледждер болып табылады.

1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары

Кәсіби қызмет нысандары заттарды, материалдарды, бұйымдарды алатын құрал-жабдық, технологиялық процестер және өнеркәсіптік жүйелер, сондай-ақ оларды басқару және реттеу жүйелері; химиялық заттар мен материалдар; заттар мен материалдардың құрамы және қасиеттерін анықтайтын әдістер мен приборлар; қоршаған орта және оны өндіріс орындары, энергетика мен көлік әсерінен қорғау күйін бағалау әдістері мен құралдары болып табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәндері

Кәсіби қызмет пәндері негізгі және нәзік органикалық синтез өнімдері, полимерлер, органикалық заттар мен материалдарды өндіру және өңдеудің химиялық технологиясы аппараттары мен құрал-жабдықтары, шикізат және қосалқы материалдардың алуан типтері,

мұнай, газ, көмір, полимерлер, мономерлер, эластомерлер, химиялық реагенттер және реактивтер, ғылыми-зерттеу приборлары мен құрал-жабдықтары болып табылады.

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері

- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- жобалық.

2. БББ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1 Ақпараттық және есептеу сауаттылығына, жалпылама біліктілікке, ақпаратты талдау мен қабылдауға ие болу; кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін қарам-қатынас жасай білу.

ОН2 Жаратылыстану-ғылыми, математикалық, қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және инженерлік білімдерді, кәсіби қызметте экономикалық талдау элементтері және нормативтік құжаттарды қолдану.

ОН3 Табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары, қазақ мемлекеті дамуының негізгі сатылары туралы білімдерге ие болу, рухани, эстетикалық және этикалық мәдениет элементтерін меңгеру.

ОН4 Органикалық қосылыстар өндірісінің заманауи күйін сыни бағалау, ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері негізінде қолданыстағы технологиялық процестерді талдау мен жетілдіру жолдарын таңдау және жаңаларын құрастыру.

ОН5 Технологиялық регламентке, техника қауіпсіздігі ережелеріне, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормаларына сәйкес көмірсутекті шикізатты өндеудің технологиялық процесін басқару.

ОН6 Химиялық және физика-химиялық талдау әдістерін қолданып көмірсутекті шикізатты өңдеу шикізаты мен өнімдеріне сапалық және сандық талдау жүргізу.

ОН7 Экономикалық және экологиялық факторларды ескеріп көмірсутекті шикізатты өңдеу процестері заңдылықтары негізінде өндірістің ұтымды технологиялық схемасын таңдау және негіздеу.

ОН8 Материалдық және жылулық баланстарды құрастыру, технологиялық схеманың негізгі және қосалқы аппараттарын есептеу және құрал-жабдықты жобалау мен модернизациялауда оларды іріктеуге дағдылану.

ОН9 Теориялық және эксперименталды зерттеулерді жоспарлау және орындау, мәндерді математикалық өңдеу әдістерін қолданып алынған нәтижелерді түсіндіру және қорытынды жасау

ОН10 Зерттеулік, кәсіпкерлік дағдыларды пайдаланып өндірістік міндеттерді шешуде дербестік таныта отырып жеке де, әрі команда мүшесі ретінде де тиімді жұмыс істеу, өмір бойы біліктілігін жоғарылату.

3 БББ БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

3.1 БББ бойынша білім алуды жемісті аяқтау бітіруші түлекте келесі құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал етеді:

- шешуші құзыреттіліктер (ШҚ)
- кәсіби құзыреттіліктер (КҚ).

Шешуші құзыреттіліктер:

(ШҚ1) *ана тілі және шет тілдері* саласында

- кәсіби салада жазбаша және ауызша түрлерде ойларын, сезімдерін, фактілер мен пікірлерін өрнектей әрі түсіне білу қабілеті;

(ШҚ2) *іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық даярлық*

- жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқып-үйрену барысында меңгерген білім деңгейі, тәжірибе және тұлғалық сапаларды және кәсіби міндеттерді шешу үшін қолдана білу қабілеті және қолдануға даярлық.

(ШҚ3) *компьютерлік*

- кәсіби қызмет саласында Интернет көмегімен ынтымақтас тораптарда тілдесу және қатысу, компьютер арқылы ақпаратты пайдалану, қайта қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну және алмасу дағдыларын меңгеру, жұмысқа, демалуға және байланысуға заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді түрде және сыни тұрғыдан пайдалану қабілеті;

(ШҚ4) *әлеуметтік*

- қоғамдық пікірге, дәстүрлерге, салттарға, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және өз кәсіби қызметінде оларға назар аудару; әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағыттала білу; ымыраға келу, өз пікірін ұжым пікірімен салыстыру; іскерлік этика нормаларын, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру; кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылу; командада жұмыс істеу, өз көзқарасын дұрыс қорғай білу, жаңа шешімдерді ұсыну қабілеті;

(ШҚ5) *экономикалық, кәсіпкерлік*

- экономикадағы мемлекеттік сектор ролін, экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; кәсіпкерлік дағдыларды көрсету қабілеті.

(ШҚ6) *мәдени даярлық*

- Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне төзімді болу, төзімділік мінез-құлқын орнатуды ұғыну; қате ұғымдарға бой алдырмау, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.

(ШҚ7) *қосалқы құзыреттіліктер*

- сыни ойлау, түсіндіру, талдау шығармашылығына, тұжырымдама жасау дағдыларын меңгеру; шығармашыл және белсенді өмірлік ұстанымға ие болу; белгісіздік және тәуекел ету жағдайларында кәсіби сипаттағы шешімдерді қабылдау қабілеті.

Кәсіби құзыреттіліктер:

(КҚ1) *өндірістік-технологиялық*

- регламентке сәйкес технологиялық процесті жүзеге асыру және технологиялық процестің негізгі параметрлерін, шикізат пен өнімнің қасиеттерін өлшеуге арналған техникалық құралдарды қолдану қабілеті;

(КҚ2) *ұйымдастыру-басқару*

- қолданыстағы өндіріс жағдайларында ұжым жұмысын ұйымдастыру; еңбекті ұйымдастыру және табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыру саласында басқармалық шешімдерді қабылдау; кәсіпорын ресурстарын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі ақпаратты жүйелеу және түйіндеу қабілеті;

(КҚ3) *ғылыми-зерттеу*

- отандық және шетелдік ғылыми-техникалық әдебиеттерді оқу және талдау; зерттеудің заманауи физика-химиялық әдістерін қолдану, эксперименталды зерттеулерді жоспарлау, нәтижелерін алу, алынған нәтижелерді өңдеу және талдау қабілеті;

(КҚ4) *жобалық*

- заманауи ақпараттық технологияларды қолданып технологиялық процестердің жеке сатыларын, құрал-жабдықтар мен қондырғыларды жобалауға және модернизациялауға қатысуға; автоматтандырылған қолданбалы жүйелерді пайдаланып қондырғылардың жеке түйіндерін жобалауға; авторлық ұжым құрамында жобалық құжатты ресімдеуге даярлық;

3.2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модулдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
ШҚ1	+								+	
ШҚ2		+				+		+	+	
ШҚ3	+	+						+	+	
ШҚ4			+		+					+
ШҚ5		+					+			+
ШҚ6			+							+
ШҚ7				+	+					+
КҚ1				+	+		+	+		+
КҚ2					+		+			+
КҚ3	+	+				+			+	
КҚ4		+					+	+		+

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕНГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІМЕН КӨРСЕТІЛГЕН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Оқу курстары	Семестр /триместр	Менгерілетін модулдер саны	Оқытылатын пәндер саны			Кредиттер саны KZ				Барлық сағат саны	жалпы кредиттер KZ	Саны	
			МК	ЖООК	ТК	Теориялық оқу	Оқу практикасы	Өндірістік/ дипломалды практика	Қорытынды аттестаттау			Емти-хан	диф. сынақ
1	1/	5	5	2	-	30				900	30	6	1
	2/	4	4	2	2	28	2			900	30	5	3
2	3/	5	3	3	2	30				900	30	5	3
	4/	6	1	2	5	26		4/		900	30	5	2
3	5/	4		1	6	30				900	30	6	1
	6/	3		-	4	24		6/		900	30	4	1
4	/7	2			5	20				600	20	4	1
	/8	2			4	20				600	20	4	2
	/9	1		1				/8	12	600	20		1
Барлығы		13	8	10	28	208	2	18	12	7200	240	39	15

5. ПӘНДЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Модуль атауы	ЦИКЛ	ЖООК/ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит-тер саны	Қалыптасатын ОН (кодтары)	
Көмірсутекті шикізатты өңдеу саласындағы жетістіктер	БП	ЖК	Академиялық хат	Академиялық мәтіндердің білім мазмұнын, ерекшеліктерін, оқылым әрекетін, кіріспені жазу, гипотеза және оны құру, мәліметтерге талдау жасау, параграф және оның құрылымы, қорытынды бөлімді жазу, плагиаттық және одан сақтану жолдарын көрсетеді. Академиялық мәтін – белгілі бір тақырыпты түсіндіруге бағытталған күрделі құрылымда жазылады. Ғылыми шолудың негізгі мақсаттары мен міндеттері. Ғылыми дискурс жанрлары жүйесіне шолу. Ғылыми басылымдағы редакциялық қайта қараудың ерекшеліктері	3	ОН1, ОН2, ОН3, ОН8	
	БП	ЖК	Ғылыми зерттеу әдістері	Педагогикадағы және педагогикалық технологиялардағы ғылыми зерттеулер инновацияларын, әдістер жиынтығын, әдістемелер мен оқу құралдарын қарастырады. Білім беру қызметтері нарығындағы қандай да бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырату негізі болып табылатын инновациялық педагогикалық қызмет дағдыларын үйретеді және педагогтың кәсіптік өсу бағыттарын анықтайды.	4	ОН1, ОН2, ОН3, ОН8	
	БП	ТК	Көмірсутекті шикізатты кешенді өңдеу	Көмірсутекті шикізатты кешенді өңдеу саласындағы терең жүйелі білімдерді, өнімі заманауи сапа талаптарына сәйкес келетін ресурс үнемдеуші өндірістерді ұйымдастыру бойынша ғылыми-техникалық мәселелерді шешуді қалыптастырады. Жүргізілетін іргелі зерттеулер мен технологиялық жобаларды ғылыми, патенттік және маркетингтік қолдау мақсатында көмірсутекті шикізатты кешенді өңдеу саласындағы ғылыми-техникалық ақпараттарға терең талдау жүргізу дағдыларын қалыптастырады.	6	ОН1, ОН3, ОН5, ОН6	
				Жаңа үлгідегі көміртекті материалдар	Жаңа үлгідегі көміртекті материалдарды даярлау әдістерін, өсу механизмін, технологиясы және физикасын; осы саладағы зерттеулердің болашағы бар бағыттарын қарастырады. Жаңа көміртекті материалдарды әзірлеу саласында ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастырады.		ОН1, ОН3, ОН5, ОН6
	БП			Педагогикалық практика	Оқу сабақтарын өткізуге арналған дидактикалық материалдарды жобалау; ақпараттық ағымдардың жедел жаңаруы мен өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметте инновацияларды қолдану мақсатында жоғары мектептің отандық және шетелдік педагогика мен психологиясын талдау дағдыларын	10	ОН1, ОН2, ОН3, ОН8

				қалыптастырады. Әртүрлі педагогикалық міндеттерді шешуде контекстік-құзыреттілік және жүйелі психологиялық-педагогика-лық тәсілді дамытады.		
Органикалық заттардың химиялық технология-сы саласын-дағы зерттеудің ғылыми негіздері және әдістері	КП	ЖК	Отындар өндірісі шикізаттарының балама көздері	Отын өндірісіне арналған шикізаттың балама көздері, дәстүрлі және дәстүрлі емес шикізат түрлерін оларды отынға өңдеу жолдарын іздену туралы білімді тереңдетеді. Отындар өндірісіне арналған шикізаттың баламалы көздерін іздеу және дамытуға қажетті жаңа күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу үшін арнайы білімдерді пайдалану дағдыларын қалыптастырады.	4	ОН1, ОН3, ОН5, ОН6
	КП	ТК	Резина өнеркәсібіндегі жаңа материалдар және процестер	Резина бұйымдарын өндіруге арналған шикізат нарығының даму жағдайы мен келешегін зерделейді. Синтетикалық каучуктерді синтездеу саласындағы жаңа жобалар; резина қоспаларының жаңа ингредиенттерін іздену туралы білімді тереңдетеді. Шиналар жасауға арналған резина қоспаларының жаңа ингредиенттерін әзірлеу мен қолдану саласындағы ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастырады.	4	ОН1, ОН3, ОН5, ОН6
			Композициялық материалдарды жасаудың инновациялық принциптері	Композициялық материалдарды құрудың ғылыми негіздері, олардың нығайту механизмдері, қоспалардың композициялық ортасының физикалық-механикалық беталысын математикалық моделдеу туралы білімдерді тереңдетеді. Жаңа композициялық материалдарды әзірлеу мен қолдану саласындағы ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастырады.		ОН1, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7
	КП	ТК	Мұнай өңдеудің заманауи гидрогенизациялық процестері	Көмірсутекті жүйелерді өңдеудің ұтымды жолдарын табудың ғылыми және практикалық негіздері туралы білімді тереңдетеді. Мұнай өңдеу және мұнай химиясында маңызды рөл атқаратын гидрогенизациялық процестер химиясы мен механизмдерін көптеген зерттеулер нәтижелерін талдау және қорыту дағдыларын қалыптастырады. Мұнайды өңдеудің гидрогенизациялық процестерін дамыту саласындағы ғылыми зерттеу процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастырады.	4	ОН1, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7
			Отындар мен майларға арналған көп функциялы присадкалар	Майлар мен отындарға көп функционалды үстемелер синтездеу және технологиясын құрастырудың негізгі бағыттары, майлар мен отындар қасиеттеріне көп функционалды үстемелердің әсері, көп функционалды үстемелердің әрекет ету механизмі туралы білімдерді тереңдетеді. Көп функционалды үстемелерді синтездеу және отындар мен майлар қасиеттеріне әсер ету тиімділігін анықтау бойынша		ОН1, ОН3, ОН5, ОН6

				зерттеулер жүргізу дағдыларын қалыптастырады.		
	КП		Зерттеулік практика	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін іздену және талдау дағдыларын қалыптастырады. Диссертациялық зерттеудің таңдап алған тақырыбы шеңберіндегі ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолданудың, эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндірудің; ғылыми жарияланымдарды даярлау, ұсынылған өнертабысқа өтініштерді ресімдеудің практикалық дағдыларын нығайтады.	10	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН8
Қорытынды аттестация модулі			Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Докторлық диссертация тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолданудың, эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндірудің; ғылыми жарияланымдарды даярлау, зерттеу нәтижелерін үлкен аудиторияға баяндап ұсыну, ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарды орындауға конкурс өтініштерін құрастыру және ресімдеудің практикалық дағдыларын нығайтады.	123	ОН1, ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН8
			Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Алынған білімдерді инновациялық технологияларға, зерттеу жұмыстарының өнімдеріне шоғырландыру; зерттеу нәтижелерін докторлық диссертация түрінде қорыту және жүйелендіру, диссертациялық жұмыстың негізгі ережелерін кең аудиторияға таныстыру дағдыларын қалыптастырады.	12	ОН1, ОН2, ОН3, ОН5, ОН8
Жалпы оқу бағдарламасы бойынша					180	

6B07170 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
білім беру бағдарламасы бойынша

КЕЛІСТІРУ ПАРАҒЫ

АМД директоры



ҚОЛЫ

А.С.Наукенова


АҒД директоры



ҚОЛЫ

У.Б.Назарбек

ККД директоры



ҚОЛЫ

Т.С.Бажиров